

Пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляциялау), пестицидтерді (улы химикаттарды) өткізу, пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдану жөніндегі қызметті лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 1754 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 18 ақпандағы № 85 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 18.02.2016 № 85 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

«Лицензиялау туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляциялау), пестицидтерді (улы химикаттарды) өткізу, пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдану жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі бекітілсін.

2 . М ы н а л а р :

1) облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляциялау), пестицидтерді (улы химикаттарды) өткізу, пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдануға байланысты қызметті жүзеге асыру бойынша лицензиар болып;

2) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына өтініш берушінің сәйкестігі бөлігінде пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляциялау), пестицидтерді (улы химикаттарды) өткізу, пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдануға байланысты қызметті жүзеге асыруға лицензия беруді келісетін мемлекеттік органдар айқындалсын.

3. Осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляциялау), пестицидтерді (улы химикаттарды) өткізу, пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдану жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі

Р/с №	Біліктілік талаптары мыналардың болуын қамтиды	Құжаттар	Ескертпе
1	2	3	4
Пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляциялау) қызметтің кіші түрі үшін			
1	Меншік құқығындағы немесе өзге заңды негіздегі мыналардан тұратын өндірістік-техник алық база:		«Лицензиялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 42-бабына сәйкес құжаттар «электрондық үкімет» веб-порталы немесе халыққа қызмет көрсету орталығы арқылы берілген кезде құжаттар электрондық нысанда беріледі.
	Өндірістік үй-жайлар және пестицидтерді (улы химикаттарды) сақтауға арналған қойма үй-жайлары	Құқық белгілейтін құжаттардың немесе тиісті құқықтарын растайтын өзге де құжаттардың көшірмелері, салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары ұсынылмаған жағдайда нотариалды расталған көшірмелері	
	Пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіруге арналған жабдықтар	Өтініш берушінің қолымен расталған, өндіруші зауыттардың жабдықтарға арналған пайдалану паспорттарының көшірмелері	

2	<p>Өндірілетін (формуляцияланатын) пестицидтер (улы химикаттар) сапасының техникалық регламенттерге, стандарттар мен нормативтерге сәйкестігін бақылауды жүргізу үшін аккредиттелген зертхана немесе аккредиттелген зертханамен шарт</p>	<p>Техникалық реттеу және метрология жөніндегі мемлекеттік орган берген аккредиттеу туралы куәліктің көшірмесі немесе аккредиттелген зертханамен жасалған шарттың және техникалық реттеу және метрология жөніндегі мемлекеттік орган берген аккредиттеу туралы куәліктің көшірмелері, салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары ұсынылмаған жағдайда нотариалды расталған көшірмелері</p>
3	<p>Қазақстан Республикасының аумағы арқылы қауіпті жүкті тасымалдауға арналған арнайы рұқсат немесе Қазақстан Республикасының аумағы арқылы қауіпті жүкті тасымалдауға арналған арнайы рұқсаттың иесі болып табылатын жеке немесе заңды тұлғамен қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі көлік қызметтерін көрсетуге жасалған шарт</p>	<p>Салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары ұсынылмаған жағдайда Қазақстан Республикасының аумағы арқылы қауіпті жүкті тасымалдауға арналған арнайы рұқсаттың немесе Қазақстан Республикасының аумағы арқылы қауіпті жүкті тасымалдауға арналған тиісті арнайы рұқсатты қоса бере отырып, қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі көлік қызметтерін көрсетуге жеке немесе заңды тұлғамен жасалған шарттың нотариалды расталған көшірмелері</p>
4	<p>Техникалық реттеу саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өтініш беруші бекіткен әр пестицидті (улы химикатты) өндіруге (формуляциялауға) арналған ұйым стандарты</p>	<p>Техникалық реттеу саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өтініш беруші бекіткен әр пестицидті (улы химикатты) өндіруге (формуляциялауға) арналған ұйым стандартының көшірмесі, салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы ұсынылмаған</p>

		жағдайда нотариалды расталған көшірмесі	
5	Ұйым стандартына сәйкес өтініш беруші бекіткен пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіруге (формуляциялауға) арналған технологиялық (өнеркәсіптік) регламент	Ұйым стандартына сәйкес өтініш беруші бекіткен пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіруге (формуляциялауға) арналған технологиялық (өнеркәсіптік) регламенттің көшірмесі, салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы ұсынылмаған жағдайда нотариалды расталған көшірмесі	
6	Тиісті білімі (басшылар үшін – жоғары техникалық немесе технологиялық білім, мамандар үшін – жоғары немесе арнайы орта (химиялық немесе технологиялық), мамандығы бойынша практикалық жұмыс тәжірибесі (басшылар үшін – кемінде 5 жыл, мамандар үшін – кемінде 3 жыл) бар техникалық басшылардан (кемінде 2 адам) және мамандардың (кемінде 3 адам) білікті құрамы	Штат кестесінен үзінді көшірме және өтініш берушінің қолы қойылған және мөрімен бекітілген тегін, атын, әкесінің атын, білімі бойынша мамандығын, лауазымын, мамандығы бойынша жұмыс өтілін қамтитын жиынтық кесте	
Пестицидтерді (улы химикаттарды) қызметтің кіші түрі үшін			өткізу жөніндегі
7	Меншік құқығындағы немесе өзге заңды негіздегі пестицидтерді (улы химикаттарды) сақтауға арналған қойма үй-жайлары	Құқық белгілейтін құжаттардың немесе тиісті құқығын растайтын өзге де құжаттардың көшірмелері, салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары ұсынылмаған жағдайда нотариалды расталған көшірмелері	
8	Қазақстан Республикасының аумағы арқылы қауіпті жүкті тасымалдауға арналған арнайы рұқсат немесе Қазақстан Республикасының аумағы арқылы қауіпті жүкті тасымалдауға арналған арнайы рұқсаттың иесі болып табылатын қауіпті жүктерді	Салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары ұсынылмаған жағдайда Қазақстан Республикасының аумағы арқылы қауіпті жүкті тасымалдауға арналған арнайы рұқсаттың немесе Қазақстан Республикасының аумағы арқылы қауіпті жүкті тасымалдауға арналған тиісті арнайы рұқсатты қоса бере	«Лицензиялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 42-бабына сәйкес құжаттар «электрондық үкімет» веб-порталы немесе

	тасымалдау жөніндегі көлік қызметтерін көрсетуге жеке немесе заңды тұлғамен жасалған шарт	отырып, қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі көлік қызметтерін көрсетуге жеке немесе заңды тұлғамен жасалған шарттың нотариалды расталған көшірмелері	халыққа қызмет көрсету орталығы арқылы берілген кезде құжаттар электрондық нысанда беріледі.
9	Тиісті білімі (басшы үшін – жоғары білім, маман үшін – жоғары немесе арнайы орта агрономиялық білім), мамандығы бойынша практикалық жұмыс тәжірибесі (басшы үшін – кемінде 2 жыл, маман үшін – кемінде 1 жыл) бар техникалық басшы және маманның білікті құрамы	Штат кестесінен үзінді көшірме және өтініш берушінің қолы қойылған және мөрімен бекітілген тегін, атын, әкесінің атын, білімі бойынша мамандығын, лауазымын, мамандығы бойынша жұмыс өтілін қамтитын жиынтық кесте	
Пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольдық және фумигациялық тәсілдермен қолдану жөніндегі қызметтің кіші түрі үшін			
10	Пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольдық және фумигациялық тәсілдермен қолдануға арналған меншік құқығындағы немесе өзге заңды негіздегі арнайы техника мен жабдық	Өндіруші зауыт берген арнайы техника мен жабдық паспорттарының көшірмелері, салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары ұсынылмаған жағдайда нотариалды расталған көшірмелері Аккредиттелген машина сынау станциялары берген қорытындылардың көшірмелері, салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары ұсынылмаған жағдайда нотариалды расталған көшірмелері	
		Өтініш берушінің қолы қойылған және мөрімен бекітілген арнайы техника мен жабдықтың тізімдемесі	
11	Қазақстан Республикасының аумағы арқылы қауіпті жүкті тасымалдауға арналған арнайы рұқсат немесе Қазақстан Республикасының аумағы арқылы қауіпті жүкті тасымалдауға арналған арнайы рұқсаттың иесі болып	Салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары ұсынылмаған жағдайда Қазақстан Республикасының аумағы арқылы қауіпті жүкті тасымалдауға арналған арнайы рұқсаттың немесе Қазақстан Республикасының аумағы арқылы қауіпті жүкті тасымалдауға арналған тиісті	«Лицензиялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 42-бабына сәйкес құжаттар «электрондық үкімет» веб-порталы немесе халыққа қызмет көрсету орталығы арқылы берілген кезде құжаттар электрондық нысанда беріледі.

	табылатын қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі көлік қызметтерін көрсетуге жеке немесе заңды тұлғамен жасалған шарт	арнайы рұқсатты қоса бере отырып, қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі көлік қызметтерін көрсетуге жеке немесе заңды тұлғамен жасалған шарттың нотариалды расталған көшірмелері	
12	Пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольдық және фумигациялық тәсілдермен қолдануға арналған арнайы техника мен жабдық үшін пайдаланылатын меншік құқығындағы немесе өзге заңды негіздегі көлік құралы немесе трактор	Тиісті уәкілетті мемлекеттік органдар берген көлік құралының тіркелгені туралы куәліктің немесе трактордың техникалық паспорттарының көшірмелері, салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары ұсынылмаған жағдайда нотариалды расталған көшірмелері Өтініш берушінің қолы қойылған және мөрімен бекітілген негізгі құралдардың тізімдемесі	
13	Меншік құқығындағы немесе өзге заңды негіздегі пестицидтерді (улы химикаттарды) сақтауға арналған қойма үй-жайлары	Құқық белгілейтін құжаттардың немесе тиісті құқықтарын растайтын өзге құжаттардың көшірмелері, салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары ұсынылмаған жағдайда нотариалды расталған көшірмелері	
14	Тиісті білімі (басшылар үшін – жоғары техникалық немесе агрономиялық білім, мамандар үшін – жоғары немесе арнайы орта (техникалық немесе агрономиялық білім), мамандығы бойынша практикалық жұмыс тәжірибесі (басшылар үшін – кемінде 2 жыл, мамандар үшін – кемінде 1 жыл) бар техникалық басшылардың (кемінде 2 адам) және мамандардың (кемінде 2 адам) білікті құрамы	Штат кестесінен үзінді көшірме және өтініш берушінің қолы қойылған және мөрімен бекітілген тегін, атын, әкесінің атын, білімі бойынша мамандығын, лауазымын, мамандығы бойынша жұмыс өтілін қамтитын жиынтық кесте	

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына өтініш берушінің сәйкестігі бөлігінде пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляциялау), пестицидтерді (улы химикаттарды) өткізу, пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдану жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беруді келісетін мемлекеттік органдар

Р/с №	Мемлекеттік орган	Лицензияланатын қызмет түрі	Лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрі	Лицензиар
1	2	3	4	5
1	Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің аумақтық бөлімшелері	Пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляциялау), пестицидтерді (улы химикаттарды) өткізу, пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдану жөніндегі қызмет	Пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляциялау)	Облыстардың республикалы қ маңызы бар қаланың астананың) жергілікті атқарушы органдары
2	Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің аумақтық бөлімшелері	Пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляциялау), пестицидтерді (улы химикаттарды) өткізу, пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдану жөніндегі қызмет	Пестицидтерді (улы химикаттарды) өткізу	Облыстардың республикалы қ маңызы бар қаланың астананың) жергілікті атқарушы органдары
3	Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық – эпидемиологиялық қадағалау комитетінің аумақтық бөлімшелері	Пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляциялау), пестицидтерді (улы химикаттарды) өткізу, пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдану жөніндегі қызмет	Пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдану	Облыстардың республикалы қ маңызы бар қаланың астананың) жергілікті атқарушы органдары

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдердің тізбесі

1. «Пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляциялау), пестицидтерді (улы химикаттарды) өткізу, пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдану жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 тамыздағы № 757 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 32, 356-құжат);

2. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 тамыздағы № 757 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 5 ақпандағы № 75 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж., № 11-12, 119-құжат);

3. «Пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляциялау), өткізу және аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдану жөніндегі қызмет түрлерін лицензиялау ережесін және оларға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 тамыздағы № 757 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 1677 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 15, 249-құжат).